

**ҚАН ДОНОРЫ – ӨМІР САҚТАУШЫ**

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



**БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ ЖІТІ ҚАДАҒАЛАНДЫ**

4-БЕТ | ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ



**ҚҰРМАНҒАЗЫ ОРКЕСТРІ**

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Дәрігер болу – жүректің ісі. Бұл – екінің бірі аяқ баса бермейтін жүгі ауыр, күрделі жұмыс. Медицина қызметкерлері – ұлт саулығының сақшылары, ең қадірлі мамандық иелері. Әсіресе, жаһандық індет, яғни ковид кезінде бүкіл ел дәрігерлердің адал қызметіне куә болды.

№69 (4813)
Сенбі
14 маусым
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Елорда шежіресі 35 жыл



5

# ДӘРІГЕРЛЕР – БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Ертең – медицина қызметкерлерінің күні. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда төрінде ақ халатты абзал жандарды қабылдап, төл мерекелерімен құттықтады. Президент медицина қызметкерлері бейбіт күннің батырлары деген атаққа лайықты екенін атап өтіп, дәрігерлер қауымына ризашылығын білдірді. Салтанатты жиын барысында бір топ дәрігерлер мемлекеттік наградалармен марапатталды.



Елімізде 6 жастан асқан балалар ата-анасыз немесе қамқоршысыз ұшақпен ұша алады. Бұл ішкі және халықаралық рейстерге де қатысты. Бұл туралы Көлік министрлігінен хабарланды.

«Еріп жүретін адамдары жоқ кәмелетке толмаған жолаушылар ретінде ішкі және халықаралық рейстерде жасы 6-дан 16-ға дейінгі ата-аналарсыз және жолаушылардың қайсыбіріне сеніп тапсырылмаған балалар тасымалданады. Алайда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңның 36-бабының 5-тармағына сәйкес, ересек адамсыз жол жүретін кәмелетке толмаған балалар түнгі сағат 23:00-ден таңғы 06:00-ге дейінгі уақытта ұшаққа отырғызылмайды. Ал 6 жасқа толмаған жолаушылар тек ата-анасымен, қамқоршысымен немесе кәмелет жасқа толған, сенімхаты бар азаматпен бірге ұша алады» делінген Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің хабарламасында.



Қазақстанда 6 шілде – Астана күні мемлекеттік мереке ретінде аталып өтеді. Бұл күн – ресми мерекелік демалыс күні және биыл жексенбіге сәйкес келіп тұр.

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға сәйкес, егер мереке демалыс күнімен сәйкес келсе, онда келесі жұмыс күні демалыс күні болып есептеледі. Яғни 7 шілде, дүйсенбі – демалыс күні болады.

14-15 МАУСЫМ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ

сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Көктал» сауда-ойын-сауық орталығында және Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23 мекенжайында («Рио-де-Жанейро» тұрғын үй кешеніне қарсы) тұрақты түрде жұмыс істейді.



## LRT МОНУМЕНТІ АШЫЛДЫ

Елорданың халықаралық әуежайында жаңа архитектуралық нысан – LRT монументі бой көтерді.

Монумент алдағы жылы пайдалануға берілетін жеңілік рельсті көлік қозғалысының әуежайдан шығатын бірінші станциясы жанында орналасқан. Қазіргі заманғы жетілдірілген сәулет-тік-жарықтандыру жүйесімен салынған монумент тек қана көркем нысан ретінде бағаланып қоймай, Астанаға келетін қазақстандық және шетелдік қонақтар үшін бағдар беруші де.






# ТҮБІ БІР ТҮРКІНІҢ МҮДДЕСІ ОРТАҚ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері Парламенттік ассамблеясына мүше елдер парламенттерінің спикерлерімен кездесті. Мемлекет басшысы мәртебелі меймандарға ілтипат білдіріп, жиынның мән-маңызы ерекше екенін айтты.

«Парламенттік ассамблея – өте маңызды саяси құрылым. Қазақстан бұл ұйымды барынша қолдайды. Мен өзім он жыл бойы Сенат Төрағасы ретінде жұмыс істедім, парламентаралық байланыстарға белсенді түрде қатыстым. Жалпы, Парламенттің жұмысын жақсы білемін, түсінемін. Қазір Парламенттік ассамблея аясындағы бірлескен күш-жігеріміздің арқасында түркі ынтымақтастығы жылдан-жылға нығайып келе жатыр. Бұл – өте жақсы үдеріс, себебі тұтас түркі жұртының халықаралық беделі мен ықпалы да арта түсуде. Ең бастысы, елдеріміздің арасында өзара жақындасуға деген талпыныс бар. Қазақстан алдағы уақытта да түбі бір түркі халықтарының жан-жақты ынтымақтастығын дамыта беруге мүдделі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміз Парламенттік ассамблея ұсынған тың бастамаларды қолдайтынын айтып, түркі ықпалдастығына үлес қоса беруге дайын екенін мәлімдеді.

«Қазақстан – Түркі мемлекеттері ұйымының негізін қалаушылардың бірі. Бұл құрылым елдеріміздің экономикалық және мәдени-гуманитарлық дамуына ерекше ықпал етеді деп сенеміз. Оның әлеуетін халықтарымыздың ортақ мақсатына пайдаланған жөн деп санаймыз. Былтыр Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалық етті. «TURKTIME» ұранымен біз бірқатар маңызды жобаны жүзеге асырдық. Түркі ықпалдастығын тереңдетуге серпін беретін 100-ге жуық іс-шара ұйымдастырдық. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Байрақты бәсеке Ұлы дала өркениетін жер-жаһанға танытты. Түркі әліпбиінің ортақ нұсқасы бекітілді. Мұны тарихи оқиға деуге болады» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының жанындағы Тұрақты өкілдерді тағайындау туралы шешім қабылданғанына, ұйым елдері арасында сауда-экономика, энергетика, қаржы және инвестиция саласындағы байланыс арта түскеніне назар аударды.

«Түркі инвестициялық қоры өз қызметін тиімді жүргізіп отыр. Осының бәрі – түркі ықпалдастығын бекемдей түсетін маңызды қадамдар. Біз Түркі мемлекеттері ұйымы саммиттерінің қорытындыларын жоғары бағалаймыз. Уағдаластықтарды сапалы жүзеге асыруға ерекше мән береміз. Жақында Мажарстанда өткен мемлекет басшыларының бейресми кездесуі нәтижелі болды. Қазақстан осы игі үрдісті жалғастыра беруге қашанда әзір. Бұл ретте, мен келесі басқосуды киелі Түркістанда өткізуді ұсындым» деді Мемлекет басшысы.

Президент соңғы жылдары Қазақстанда жан-жақты жүзеге асырылып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларға тоқталды.

«Біз жалпыхалықтық референдум арқылы Конституцияға маңызды түзетулер енгіздік. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген жаңа жүйеге көштік. Президент жеті жылдық мерзімге бір рет қана сайланатын болды. Парламенттің құзыры кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Адам құқықтарын қорғау жүйесі жетіле түсті. Конституциялық Сот құрылды. Жергілікті билік түбегейлі жаңғыртыла бастады. Биылдан бастап еліміздегі барлық аудан әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды. Облыстық және аудандық мәслихат депутаттарының 90 пайызы бір мандатты округтен, яғни тікелей дауыс беру арқылы сайлануда. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде мұндай ауқымды өзгеріс бұрын-соңды болған емес» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Заң мен тәртіп қағидатына негізделген Әділетті Қазақстан құруды түпкі мақсатымыз деп атады.

«Бұл тұжырымның ажырамас бөлігі – Таза Қазақстан концепциясы, оны біз түбегейлі іске асыруымыз керек. Таза Қазақстан дегеніміз – тек тазалық қана емес, бұл – халқымыздың болмысын жаңғырту, өркениетті ұстанымдарға қарай бет бұру деген сөз. Мен халықпен, әсіресе, жастармен кездескен кезде оларға үнемі еліміздің келешегі – өскелең ұрпақтың қолында деп айтамын. Бұл – шындық, ақиқат. Сондықтан жастарымыз саналы, ақылды, көзі ашық, ұқыпты, зайырлы және адал болуы керек» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасының даму бағдарын айқындап, осы салада нақты реформа жүргізіліп жатқанын айтты.

«Соның арқасында 2024 жылы еліміздің жалпы ішкі өнімінің көлемі шамамен 290 миллиард долларға жетті. Бұл бір адамның басына шаққанда 14 мың доллар деген сөз. Бірақ алдымызда тұрған түйткілдер аз емес. Оларды ойдағыдай шешу үшін бірқатар маңызды іс-шараларды қолдану керек. Атап айтқанда: ірі инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру, жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту, ауыл шаруашылығына жан-жақты қолдау көрсету, көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру бойынша қазір белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Биыл экономикалық өсім 5 пайыздан астам болмақшы. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін түркі мемлекеттерімен тиімді ынтымақтастықты нығайту өте маңызды» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Астанадағы алқалы жиын «TURKTIME: парламенттік дипломатияның рөлі» деген тақырыпта өтеді. Мемлекет басшысы мұны толықтай қолдайтынын айтты. Қазіргі сынқатерге толы алмағайып заманда өзара ықпалдастықты нығайту аса маңызды.

«Қазақстан бауырлас елдер арасындағы парламентаралық байланысқа, әсіресе, халықтық дипломатияға ерекше мән береді. Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы – аса беделді халықаралық ұйым, ынтымақтастығымызды дамытуға мүмкіндік беретін бірегей құрылым деп күмәнсіз айтуға болады. Сіздердің ұйым аясындағы бірлескен жұмыстарыңыздың мән-маңызы өте зор» деді Мемлекет басшысы.

Жиындағы қорытынды сөзінде Президент бұл кездесу түркі мемлекеттерінің мақсат-мүддесі бір екенін айқын көрсететінін айтып, татулықты сақтау мен нығайту баршаға ортақ міндет деп атады.

«Қазақстан түркі мемлекеттерінің парламенттік дипломатиясын барынша қолдайды. Біз бәріміз тату болсақ, осы құбылмалы заманды аман-есен еңсереміз, экономикаларымыздың дамуына үлкен серпін береміз, төрт құбыламыз түгел болмақ. Бауырымыз бүтін, бауырластығымыз мәңгі болсын!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Жиынға Түркі мемлекеттері Парламенттік ассамблеясына мүше елдер парламенттерінің спикерлері қатысты.

# ДӘРІГЕР БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі. Президент жиналған қауымды Медицина қызметкері күнімен құттықтап, осы мерекеге орай дәрігерлермен Ақордада алғаш рет кездесіп отырғанын әрі бұл жиынның мән-мағынасы ерекше екенін атап өтті.



«Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Шын мәнінде, ұлт саулығы – еліміз үшін аса маңызды құндылық. Әлемнің «екінші ұстазы» – әл-Фараби медицинаны өнер деп бағалаған. Расында, дәрігер болу – жүректің ісі. Бұл – екінің бірі аяқ баса бермейтін жүгі ауыр, күрделі жұмыс. Медицина қызметкерлері – ұлт саулығының сақшылары, ең қадірлі мамандық иелері. Әсіресе, жаһандық індет, яғни ковид кезінде бүкіл ел дәрігерлердің адал қызметіне куә болды. Күрделі кезеңде медицина мамандары мыңдаған адамды құтқарып қалды. Біз абзал жандардың табанды еңбегін бағалаймыз. Олардың қайсарлығын мақтан тұтамыз. «Бір адамның өмірін құтқару барша адамзатты құтқарумен бірдей». Дәрігерлер ота кезінде, аурухана палатасында күн сайын ерлік жасайды десек, артық болмайды. Жедел жәрдем көлігінде адам өміріне араша түсетін сәттер болады. Сондықтан сіздер, құрметті медицина қызметкерлері, бейбіт күннің батырлары деген атқа лайықсыздар. Мен барша медицина мамандарына зор ризашылығымды білдіремін» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ дәрігерлері қай кезде болсын ел мүддесін бәрінен биік қоя білгенін, ұлт қайраткерлері Халел Досмұхамедов пен Санжар Асфендияровтың белгілі дәрігер болғанын, олар халқымыздың азаттығы үшін де, саулығы үшін де аянбай күрескенін атап өтті.

«Бүгінде еліміздің денсаулық сақтау саласында 380 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Әр маманның еңбегі орасан зор. Ұлт саулығын сақтауға бүкіл өмірін арнаған тұтас әулеттер бар. Алматыдағы Джувашевтер әулетінен 13 адам медицина саласын таңдаған. Олардың жалпы еңбек өтілі – 375 жыл. Ал Атырау облысындағы Шанаевтар әулетінен 16 дәрігер шыққан. Мұндай еңбек династияларының ғибратты жолы – көпке үлгі-өнеге. Қазір ұлттық медицина саласы қарқынды дамып келе жатыр. Жетістіктеріміз аз емес. Елімізде орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті. Ана мен бала өлімі шамамен 12 пайызға азайды. Бес жылда 800-ге жуық денсаулық сақтау нысаны, яғни көптеген емхана мен аурухана салынды. Бұл жұмыс тоқтамайды, мемлекет алдағы уақытта да инфрақұрылымды дамыта береді. Ұлт саулығын жақсарту алғашқы медициналық көмектен басталады. Елімізде ауылдық жердегі медицина жүйесін жаңғыртуға арналған ұлттық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде 469 ғимарат бой көтерді. Жыл соңына дейін тағы 186 нысан салынады. Аудандық ауруханалар заманға сай құралдармен жабдықталып жатыр» деді Президент.

Мемлекет басшысы елімізде медициналық туризм қарқынды түрде дамып келе жатқанын жеткізді. Жыл сайын 45 мемлекеттен шамамен 10 мың адам Қазақстанға емделу үшін арнайы келеді. Бұл еліміздегі дәрігерлік көмектің сапасы жоғары екенін көрсетеді.

«Бүгінде көптеген ауруханаларымыз халықаралық аккредиттеуден өткен. Нейрохирургия мен Кардиохирургия ұлттық орталықтары әлемдік клиникалар деңгейінде жоғары технологиялы медициналық қызмет көрсетеді. Қазақстандық дәрігерлер жүрекке жыл сайын мыңдаған ашық операция жасайды. Емделушілердің қатарында тіпті жаңа туған нәрестелер де бар. Елімізде органдарды трансплантациялау ісі жоспарлы түрде дамып келеді. Жуырда жүрек ауыстыруға арналған жүзінші ота сәтті өтті. Биыл алғаш рет бір мезетте үш адамға үш донордың бүйрегін тоғыспалы трансплантация тәсілімен салды. Өздеріне сәйкес келетін органдарды алу үшін пациенттер бір-біріне донор болды. Мұндай күрделі операциялар дүние жүзінде алты елде ғана жасалады. Онкологиялық ауруларды емдеуге сәуле терапиясының озық әдістері қолданылып жатыр. Былтырдан бері елімізде мүлде жаңа бағыт – фетальді медицина дами бастады. Яғни бұл – ана құрсағындағы шаранаға операция жасау деген сөз. Мұндай бірегей медициналық көмек көптеген баланың дүниеге дені сау болып келуіне мүмкіндік сыйлайды. Сирек кездесетін сырқаты бар адамдарды емдеу мен денсаулығын жақсартуға ерекше мән берілуде. Мемлекеттің алдында мұндай науқастарды шетелдік қымбат дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету секілді күрделі міндет тұр. Осы орайда менің ұсынысым бойынша құрылған «Қазақстан халқына» қоры үлкен қолдау көрсетіп отыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға айрықша назар аударатынын айтты.

«Ірі халықаралық инвесторларды тарта отырып, стратегиялық сипат алған бұл саланы дамытуға күш салу маңызды. Алдағы уақытта медицина ғылымының әлеуетін толықтай игеру керек. Ол үшін қазірдің өзінде берік негіз бар. Ғалымдарымыз онкология, трансплантология, неонатология, генетика, биомедицина салаларында тың жаңалықтар ашты. Қан ауруларын емдеуге отандық препараттар қолданылып жатыр. Жасанды интеллект сырқаттарды анықтау мен емдеудің көкжиегін кеңейтеді. Аталған перспективті салада айтарлықтай серпіліс жасау қажет. Ядролық медицинаның мүмкіндігін де барынша пайдаланған жөн. Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның деңгейі мен қолжетімділігі – елдегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау, олардың мәртебесін көтеру – мемлекеттің негізгі міндетінің бірі екеніне тоқталды.

«Менің тапсырмаммен былтырдан бастап «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы беріле бастады. Бұл – медицина қызметкерлеріне деген айрықша құрметтің белгісі. Соңғы 5 жылда денсаулық сақтау саласындағы жалақы екі есеге жуық өсті. Медицина кадрларын даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждердің шәкіртақысы көбейді. Жас мамандардың білікті дәрігерден тағылым алып, кәсібіне тез бейімделіп кетуіне барынша жағдай жасалуда. Жалпы, денсаулық сақтау ісіне бөлінетін қаржы жыл өткен сайын артып келе жатыр. Биыл оның көлемі 2,6 триллион теңгеге жетті. Мемлекет медицина қызметкерлеріне қолдау көрсете береді. Дәрігерді халықтың қамқоршысы деуге болады. Барша жұрт мұны терең түсініп, оларға әрдайым құрмет көрсетуге тиіс. Өкінішке қарай, қоғамда дәрігердің жұмысына кедергі жасап, тіпті, қоқан-лоқы көрсететін адамдар әлі де бар. Медицина қызметкерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін заңсыз әрекетке жол беруге болмайды. Қоғамдық тәртіпті бұзатын осындай адамдар міндетті түрде заң аясында жауапкершілікке тартылады. Заң мен тәртіп барлық жерде бірдей қатаң сақталуға тиіс. Біз сонда ғана Әділетті әрі Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы орайда медицина қызметкерінің рөлі айрықша» деді Мемлекет басшысы.

Президент дәрігерлердің еңбегі қашанда лайықты бағалануы керек екенін айтып, медицина майталмандарын мемлекеттік наградамен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойғанын жеткізді.

# АБЗАЛ ЖАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Кеше Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай елордалық үздік дәрігерлер мен сала мамандарын салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті.

Мерекелік жиынға Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов, Мәжіліс депутаттары, ұлттық және республикалық ұйымдардың, сондай-ақ қалалық мәслихаттың өкілдері қатысты.

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова өз сөзінде бұл марапат тек үздік мамандарды ғана емес, сонымен бірге өз ісін ұрпағына мұра еткен еңбек әулеттерін де ұлықтауға бағытталғанын атап өтті.

– 2018 жылы елордада Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бастамасымен «Алтын шипагер» сыйлығы тағайындалды. Содан бері дәстүрлі түрде жыл сайын табысталып келеді және үздіктерді танудың, олардың еңбегін бағалаудың символына айналды, – деді басқарма басшысы.



«Алтын шипагер» сыйлығының жеті аталымы бойынша жеңімпаздар анықталып, оларға арнайы сыйлықтар берілді. Оның ішінде «Медицина флагманы» аталымына Астана қаласының №2 көпбейінді ауруханасы лайық деп танылса, «Тірі аңыз» мәртебесі – жоғары санатты дәрігер Зайтуна Хамидуллинаға, «Health Teach көшбасшысы» атағы – елордалық №3 көпбейінді ауруханасының директоры Жұлдыз Данбаеваға, «Медицина үміті» – қалалық №4 емхананың дәрігері Баян Кунедиловаға, «Алтын стетоскоп» аталымы – №2 қалалық көпбейінді ауруханасының медициналық бөлімі жөніндегі директордың орынбасары, жоғары санатты невролог дәрігері Әлия Жұмахаеваға, «Мейірімділік мейіргері» – №1 қалалық көпбейінді балалар ауруханасының аға медбикесі Майра Қаскенге және «Жедел жәрдем батыры» аталымы астаналық «Алматы» қосалқы станциясының №6 жедел медициналық жәрдем бригадасына табысталды.

Елдің денсаулық сақтау саласын дамытуға елеулі үлес қосқан дәрігерлер «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» және «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі» медальдарымен марапатталды. Сонымен қатар 20-дан астам денсаулық сақтау қызметкері алғыс хаттар, дипломдар және төсбелгілер иеленді.

Сала үздіктеріне салмағы жарты килограмға жуық тау хрусталінен жасалған мүсінше берілді. Арнайы сыйлықта 24 каратты алтынмен қапталған лавр ағашының бұтағы орналасқан. Сонымен қатар мүсінше иелері ноутбук, 200 мың теңгелік сертификат және Қазақстан шипажайларына жолдамаларды да қатар алды.

# ҚАН ДОНОРЫ – ӨМІР САҚТАУШЫ

Дүниежүзілік қан доноры күніне орай «Хан Шатыр» атриумында мерекелік іс-шараны Денсаулық сақтау министрлігінің Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы ұйымдастырды. Оған Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері, қоғамдық ұйымдар, БАҚ, тегін қан тапсыратын донорлар мен қазақстандық эстрада жұлдыздары қатысты.



**Шапағат ӘБДІР**

– «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығында өтіп жатқан мерекелік іс-шарамыз – тұрақты донорларға деген ризашылығымыздың белгісі. Біз қан тапсырудың қауіпсіз әрі қажетті екеніне қоғам назарын аударғымыз келеді. Ерікті өтеусіз донорлық – тек медициналық емес, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық ұстанымның көрінісі. Биылғы ұран «Қан тапсырып, үміт сыйлаңыз!» деп аталады. Бұл – әр адамға өмір сыйлай алатынымызды еске салатын үндеу. Донор болу – қарапайым әрекет, бірақ оның салдары – біреудің өмірі. Сол себепті барлық азаматты тұрақты қан доноры болуға шақырамыз, – деді Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы басқарма төрағасы Сания Абдрахманова.

2024-2025 жылдары Астана қаласында қан донорлығы саласында бірқатар маңызды нәтиже тіркелген. Айталық, 2024 жылы 31088 адам қан тапсырса, 2025 жылдың қаңтарынан мамырға дейін бұл көрсеткіш 14149 адамды құраған. Донорлардың ішінде алғаш рет қан тапсырғандар саны 2024 жылы 7619, 2025 жылы 3645 адамды құраса, тұрақты донорлар саны, сәйкесінше, 3773 және 2157 адам болған. Бұл қалада донорлық мәдениеттің тұрақты түрде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Ал 2025 жылдың алғашқы төрт айында Астанада 13695 доза консервіленген қан, 11271 доза эритроциттік компонент, 5745 доза тромбоцит, 11403 доза мұздатылған плазма және 2170 доза криопреципитат дайындалған.

# КРЕАТИВТІ ЖАСТАР ДИАЛОГЫ

Елордада өткен «Жаңа буын лидерлері» атты ашық диалог алаңында жастардың азаматтық белсенділігі, шығармашыл ойлау қабілеті мен көшбасшылық қасиеттері кеңінен талқыланды. Іс-шараға елдің түкпір-түкпірінен келген белсенділер, тренерлер мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының бас маманы Жанна Абдуали өз сөзінде жастарды елдің қозғаушы күші ретінде сипаттап, олардың мемлекет дамуына қосар үлесінің айрықша екенін атап өтті. Креативті бастамалар қоғамдық қорының құрылтайшысы, креативті экономика бойынша стратег-эксперт Дина Абдрахмет 2021 жылдан бері креативті индустрияда жұмыс істейтін маман ретінде шығармашылық пен цифрлық мүмкіндіктердің маңызына тоқталды. Оның айтуынша, креатив деген тек өнерге қатысты ұғым емес.

Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясы медиа орталығының жетекшісі Равиль Айратұлы «Еріктілік, медиа және креатив: ҚХА жастары қоғамға қалай әсер ете алады?» тақырыбы аясында сөйлеп, қарапайым тілмен күрделі мәселені түсіндіру нағыз шеберлік деп сөзін түйіндеді. Ашық диалог алаңы тек тәжірибе алмасу емес, ел болашағы үшін нақты идеялар мен қадамдарды ұсынатын платформа. Жастардың креативті ойы мен белсенді азаматтық ұстанымы – Жаңа Қазақстанның берік іргетасы.

***Жансая АЛМАХАН,***
***Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті***

# КОЛЛЕДЖДЕН – ӨНДІРІСКЕ

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында Жоғары көлік және коммуникация колледжінің студенттері Астана электротехникалық зауытына барып, кәсіби бағдар беру мақсатындағы маңызды кездесуге қатысты.

«Мамандыққа апарар жол: колледжден өндіріске» деп аталған бастама – өндірістік орта мен білім беру мекемелері арасындағы байланысты нығайтып, жастарды техникалық мамандықтарға ынталандыруға арналған жүйелі жоба.

Іс-шараның басты мақсаты – студенттерге өндірістік процестердің нақты үлгісін көрсету, олардың кәсіби бағдарын айқындап, білім мен дағдыны ұштастыруға мүмкіндік беру. Сонымен қатар бірнеше жылдан бері колледждің сенімді әлеуметтік серіктесі болып келе жатқан Астана электротехникалық зауытымен әріптестікті нығайту көзделді.

Бағдарлама аясында студенттер қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтіп, зауыттың жұмысымен танысты. Колледж және зауыт басшылығы құттықтау сөз сөйлеп, кәсіпорынның тарихы, жетістіктері мен даму бағыттары таныстырылды. Арнайы ұйымдастырылған шеберлік сыныбы барысында студенттер өндірістік құрал-жабдықтармен жұмыс істеу талаптарымен танысып, электрмен жабдықтау және электротехника салаларындағы заманауи талаптар жайында нақты ақпарат алды.

АЭТЗ өндірістік директоры Дархан Мақсұтов зауыттың 13 жылдан бері нарықта тұрақты жұмыс істеп келе жатқанын атап өтті. Қазіргі таңда 270-тен астам білікті маман қызмет етеді, ал жүзеге асырылған жобалар саны 2700-ден асады.

«Өкінішке қарай, қазіргі жастардың көбі кеңседе жұмыс істегісі келеді. Алайда дәнекерлеуші, электрик, металл құрылымдарын жинаушы сияқты өндірістік мамандықтар ел дамуы үшін аса қажет. Сондықтан біз бұл салалардың болашағы бар екенін жиі айтып келеміз» дейді ол.



# ПАТРИОТТАР ЛАГЕРІ АШЫЛДЫ

Астана қаласының Мичурин тұрғын алабында әскери-патриоттық «Батырлар» орталығы базасында құрылған жазғы «Alash camp» лагері ашылды. Іс-шараға Ұлттық ұланның «Жас бүркіт» клубы тәрбиеленушілері мен күштік құрылымдардың әскери қызметшілері қатысты. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері көрермендерге арналған мазмұнды мәдени-әскери бағдарлама ұсынды.

«Бұл лагерь – 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған 10 күндік ерекше жоба. Оның басты мақсаты – жас ұрпақтың көшбасшылық қабілетін дамытып, физикалық және зияткерлік әлеуетін арттырумен қатар, патриоттық рух пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру. Қатысушылар взводтық шатырларда тұрып, бес мезгіл тамақпен және қажетті киім-кешекпен толық қамтамасыз етіледі» деді өз сөзінде Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, генерал-майор Қайрат Үмбетов.

Лагерь бағдарламасында теориялық және практикалық сабақтар өтіп, киберспорт кабинеті, қару-жарақ бөлмесі мен заманауи мультимедиялық сыныптар жұмыс істейді.

**Сәбина КӘКІМЖАН**



# ДЕПУТАТТАР ӘКІММЕН КЕЗДЕСТІ



Елорда әкімімен өткен мәслихат депутаттарының кездесуінде қаланың өзекті мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында елордалықтарды толғандыратын бірқатар маңызды сұрақ көтерілді. Атап айтқанда, мектептердің құрылысы мен күрделі жөндеу, жол-көлік инфрақұрылымы – көшелер мен жолдарды салу және жөндеу, әсіресе мектептер орналасқан аумақтардағы жолдарды жақсарту мәселелері қозғалды. Сонымен қатар коммуналдық салаға қатысты сұрақтар назардан тыс қалмады. Жаңа инженерлік желілерді салу, ескірген жүйелерді ауыстыру, медициналық мекемелерді жөндеу және оларды заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету сияқты мәселелер талқыланды. Жеңіс Қасымбек бюджет қалыптастыру барысында ең алдымен қала тұрғындары үшін өзекті мәселелер ескерілетінін және оның әлеуметтік бағытта болатынын атап өтті. Әкіммен кездесу барысында айтылған мәселелер негізінде алдағы кезектен тыс сессияда бюджет қаражатын басым бағыттар бойынша тиімді бөлу мәселесі қаралады.

# ҚАУІПСІЗДІК ЖІТІ ҚАДАҒАЛАНДЫ

Астана қалалық мәслихатының депутаттары елордалық білім беру нысандарын аралады. Көшпелі кеңес нәтижесінде балалар қауіпсіздігіне қатысты бірқатар норманы енгізу ұсынылды.

Мәслихат депутаттары елордалық білім беру мекемелерінің жағдайымен танысып, қауіпсіздікті күшейтудің маңызын атады. Мектептерді аралау барысында құрылыс және ауыр жүк техникаларының мектеп маңында еркін жүруі, бағдаршамның болмауы және өзге де мәселелер тіркелді.

Елорда әкімінің орынбасары Ерсін Өтебаевпен бірлескен бірнеше жиын өтіп, мектептер маңындағы аумақтардың қауіпсіздігін арттыру бағытында ұсыныстар әзірленді.

– Жиын қорытындысында бірқатар маңызды ұсыныс қабылданды. Енді мектептер мен әлеуметтік нысандар үшін жер телімдерін бөлу кезінде автотұраққа жеткілікті аумақ бөлініп, оқушылардың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Сондай-ақ инженерлік желілер мен кіреберіс жолдарды жобалау кезінде көлік және жаяу жүргінші инфрақұрылымын да есепке алу қажет, – деді мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Алдағы уақытта мектептерді салу және қайта жаңғырту жобалары мәслихат пен тиісті органдар арасында жол қауіпсіздігі талаптарын ескере отырып келісіледі. Қауіптің алдын алу үшін мектеп маңында санитарлық жұмыстарды шағын техникамен жүргізу ұсынылды. Сонымен қатар балалар қауіпсіздігіне қатысты арнайы талаптарды «Құрылыс туралы» кодексінің жобасына енгізу бастамасы көтерілді.

– Учаскелік жол желілеріне кешенді тексеру жүргізу және білім беру нысандары маңындағы қозғалысты ұйымдастыру мәселелерін жақсарту бойынша нақты шаралар қабылдау көзделіп отыр. Ұсыныстардың қатарында мектептегі бейнебақылау камераларын бірыңғай цифрлық жүйеге біріктіру бар. Сондай-ақ жаңа әлеуметтік нысандар үшін инженерлік инфрақұрылымға қажетті қаражатты жергілікті бюджетте алдын ала қарастыру қажет, – деп нақтылады Т.Зейнұлқабден.

Депутаттар өзге өңірлердің цифрлық қауіпсіздік платформаларын енгізу тәжірибесін зерттеп, үздігін елордада енгізуді ұсынды. Сонымен қатар мәслихат депутаттары Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевпен бірге Көктал және Көктал-2 тұрғын алаптарындағы мектептер мен балабақшаларды да аралады.

– Елордалық №41 орта мектебінде салынып жатқан қосымша ғимаратты тексеру барысында құрылыс қарқынының төмен екені анықталды. Дегенмен Құрылыс басқармасы тарапынан қаржыландыру уақытылы жүргізілсе, жыл соңына дейін құрылыс толық аяқталатыны айтылды. Мектептің негізгі ғимараты да тексерілді. Қосымша ғимарат пайдалануға берілген соң, оқу процесі сол жаққа көшіріліп, ескі ғимаратта күрделі жөндеу жүргізіліп, жиһаз бен жабдықтар толық жаңартылады, – деді мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов.

Мәслихат депутатының айтуынша, Көктал тұрғын алабындағы Көкжиек көшесі, 4 мекенжайында орналасқан бұрынғы колледж ғимаратында мемлекеттік балабақша ашу жоспарланған. Қайта жөндеу және аумақты абаттандыру үшін шамамен 160 млн теңге қажет.

Депутаттар бұдан әрі Көктал-2 тұрғын алабындағы Міржақып Дулатов атындағы №68 мектеп-гимназиясына барды. 15 жыл бұрын салынған бұл білім ордасы бүгінде жөндеуді қажет етеді. Аталған мақсатқа 140 млн теңгеге өтінім берілген. Сондай-ақ №85 «Мейіржан» мемлекеттік балабақшасы да жөндеуді қажет етеді, оған шамамен 25-30 млн теңге қажет.

– Көктал тұрғын алабының тұрғындары №105 жайлы мектеп оқушыларының жолды кесіп өту мәселесін жиі көтеруде. Мектеп маңында ауыр жүк көліктерінің қозғалысы өте қарқынды, – деді Б.Смайылов.

Бас қала мәслихатының депутаттары «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына барды.

# ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМНІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Басты мақсат – Астана қаласы әкімдігінің құрылымдары мен мекемелерінде цифрлық трансформацияны жүзеге асыру барысымен танысу. Депутаттар мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы, соның ішінде денсаулық сақтау бағытындағы заманауи цифрлық шешімдерге ерекше назар аударды. Жедел жәрдем қызметін басқару жүйесі – көліктердің қозғалысын бақылау мен жанармай шығынын есептеу сияқты үдерістер қаралды. Автопарктің жұмысын жедел әрі ашық етуге бағытталған технологияларды енгізу мәселесі талқыланды. Сонымен қатар ішкі процестерді оңтайландыратын және қалалық қызметтер мен тұрғындар арасындағы байланысты жақсартатын тетіктер қарастырылды. Астана қаласының әкімімен мәслихат депутаттарының кездесуі барысында басқа да бірқатар маңызды сұрақ көтерілді.



# АШЫҚ БЮДЖЕТ – ЖАУАПТЫ БАСҚАРУ

Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс 38-сессиясында 2024 жылға арналған қалалық бюджеттің орындалуы туралы есеп бекітілді. Бұл – Бюджет кодексінің 125-бабына сай жүзеге асатын маңызды қадам. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің төрағалығымен өткен сессия жұмысына қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов қатысып, өзекті мәселелер бойынша жауап берді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



Қалалық басқармалар мен Тексеру комиссиясының өкілдері баяндама жасап, есептік кезеңдегі қаржының мақсатты әрі тиімді жұмсалғанын жеткізді. Оның ішінде бюджет қаражаты инженерлік инфрақұрылым нысандарын салу; жаңа мектептер мен балабақшалар тұрғызу; денсаулық сақтау жүйесін дамыту, медициналық мекемелер құрылысы; халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына арналған төлемдер мен басқа да әлеуметтік бағдарламалар сынды бірнеше басым бағытқа бөлінген.

Есеп берушілер атап өткендей, бюджет түсімдерінің нақты орындалуы есепті қаржы жылына арналған түзетілген бюджетке 105,6%-ын құрады. 2024 жылы жергілікті бюджеттің ең ірі қаржыландыру көздері ретінде салықтық түсімдер (барлық кіріс көлемінің 73,4%) және трансферттер түсімдері (20,2%) қалуда, яғни бюджеттің кіріс бөлігінің жалпы көлемінің 93,6%-ы осы көздер есебінен қалыптастырылған. 2023 жылмен салыстырғанда, 2024 жылы салықтық түсімдер 34,9%-ға артты. Сондай-ақ елорда бюджетіне салықтық емес түсімдердің өсуі бойынша да оң динамика байқалады, 2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда, салықтық емес түсімдер 3,3 есеге ұлғайған.

Сессия барысында қаладағы көшенің біріне армянның көрнекті ағартушысы Месроп Маштоцтың есімін беру туралы ұсыныс қаралды. Сонымен қатар Астана қаласы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия құрамын жаңарту және қауіпсіздік пен бюджет процесінің ашықтығына бағытталған бастамалар да күн тәртібінде болды.

Қаржы басқармасы және Тексеру комиссиясы төрағасының баяндамасынан кейін, бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның қорытындысы тыңдалды. Комиссия төрағасы Кендебай Адамбектің айтуынша, есеп бір айдан аса уақыт бойы түрлі форматта талқыланған. Осы кезеңде бірқатар өзекті мәселе көтерілген. Инфляцияның елордада республикалық деңгейден шамамен 2 пайыз жоғары болуы тұрғындардың сатып алу қабілетіне кері әсерін тигізіп отырғаны айтылып, дебиторлық және кредиторлық қарыздарды басқаруда әкімшілік тарапынан белсенділік жеткіліксіз екені ескертілген.

– Жергілікті бюджетке түсімдердің орындалуын бағалау бойынша салықтық және салықтық емес түсімдерді біршама сапасыз және тиімсіз жоспарлау фактісі орын алған. Бұл өз кезегінде бюджетті бірнеше рет нақтылау мен түзетуге алып келген. 2024 жылы елорда бюджеті 5 рет нақтыланып, 16 рет түзетілген. Елордада өткен жылдармен салыстырғанда инфляция деңгейі артып, 10,7%-ды құрады, бұл республикалық көрсеткіштен 2,1 пайызға жоғары, бұл бағаның өсуіне және өз кезегінде халықтың өмір сүру деңгейі, кірістері мен шығыстарының деңгейіне әсер етті, – деді Кендебай Сарыбайұлы.

Комиссия төрағасы бюджеттік шығыстардың құрылымы мен орындалу барысына да арнайы тоқталды.

«Алдыңғы жылдардағыдай, бюджеттің шамамен үштен бірі әлеуметтік салаларға – яғни әлеуметтік көмек пен қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спортқа бағытталған. Ең көп шығын үлесі дәстүрлі түрде мына салаларға тиесілі: білім беру – 365,2 млрд теңге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы – 301,5 млрд теңге, көлік және коммуникациялар – 161,1 млрд теңге, сондай-ақ отын-энергетика кешені – 106,3 млрд теңге» деді ол.

Сонымен қатар Кендебай Адамбек бюджеттің орындалуында әлі де шешілмеген мәселелердің бар екенін ашық айтты.

– Бұл бағытта жыл сайын қайталанатын бірқатар кемшілік бар. 2024 жылы бюджеттің шығыс бөлігі толық көлемде игерілмеген. Жалпы орындалу деңгейі – 99,1 пайыз. Яғни 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бюджет қаражатының 0,9 пайызы игерілмей қалған. Ең көп игерілмеу Құрылыс басқармасы, Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасында тіркелді. Бұл жүйелі жұмыс пен нақты бақылаудың қажет екенін көрсетеді. Бюджет қаражатын тиімді пайдалану – елорданың дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатына тікелей әсер ететін фактор. Осы орайда барлық деңгейдегі жауапты тұлғалардан жоғары жауапкершілік пен ашықтық күтеміз, – деді сөз соңында бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы.

Дауыс беру қорытындысы бойынша 2024 жылғы бюджеттің орындалуы туралы есеп қабылданып, сессия қаулысына кепілдеме ретінде барлық ескерту мен ұсыныс енгізілді. Олардың орындалуы – мәслихаттың тұрақты бақылауында.

# ЕЛОРДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛАДЫ

Астана – еліміздің саяси, мәдени, экономикалық әрі рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ заманауи медицина мен жоғары технологиялар тоғысқан ірі емдеу орталығына айналып келеді. Қала әкімдігі мен Денсаулық сақтау басқармасы бұл бағытта ауқымды жобаларды жүзеге асырып, халықтың денсаулығын қорғауға арналған тың бастамаларды қолға алып отыр.





Қазіргі таңда Астанадағы Денсаулық сақтау басқармасына қарасты 31 мемлекеттік медициналық ұйым халыққа қызмет көрсетеді. Оның ішінде 14 емхана, 11 стационар және 6 басқа ұйым бар. Бұл ұйымдарда 4 мыңға жуық дәрігер мен 7 мыңнан астам мейірбике еңбек етуде.

Сапаны жетілдіру үшін жаңа нысандардың құрылысы да қарқын алған. Қазіргі уақытта Алматы және Сарыарқа аудандарында 250 төсектік екі перинаталдық орталық, Сарыарқа ауданында 300 төсектік көпбейінді қалалық аурухана, «Отау» тұрғын үй кешенінде жаңа емхана, Өндіріс шағын ауданында дәрігерлік амбулатория салынуда. Сонымен қатар, жеке инвестициялар арқылы 4 жаңа емхана мен Алматы, Байқоңыр, Нұра аудандарында жедел жәрдем қосалқы станциялары бой көтеруде. Бұған қоса, №2 қалалық көпбейінді аурухана жанындағы қабылдау-диагностикалық кешеннің құрылысы жүріп жатыр.

Астана қаласы бүгінде медициналық туризмді дамытуға айрықша көңіл бөлуде. Қала әкімдігі мен басқарманың бастамасымен елорда халықаралық деңгейдегі медициналық хабқа айналуға күш салуда.

Мамандардың айтуынша, Астана қаласы бойынша стоматология, кардиохирургия, нейрохирургия, имплантация, ЭКО ұрықтандыру, онкология, косметикалық хирургия секілді қызметтер халықаралық стандарттарға сай жолға қойылған. Бұл салалар – елімізге келетін медициналық туристер үшін тартымды бағыттардың қатарында. Шетел азаматтарын, ең алдымен, Қазақстандағы стоматологиялық қызметтің сапасы мен бағасы қызықтырады. Мәселен, Еуропамен салыстырғанда біздегі тіс емдеу бағасы 10-15 есе арзан. Ал диагностикалық қызметтер Ресейден 1,5 есе, Германия мен Израильден 3 есе арзан.

2024 жылы елге келген медициналық туристердің басым бөлігі Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Европа елдерінен болған. Олардың арасында косметикалық және пластикалық хирургияға, сондай-ақ репродуктивті медицина мен балаларды оңалту қызметтеріне сұраныс жоғары.

Астана қаласы денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, медициналық туризмді дамыту, озық технологияларды енгізу және халықаралық ынтымақтастықты нығайту бағытында қарқынды жұмыс жүргізіп отыр. Медициналық қызмет сапасы мен мамандардың кәсіби әлеуеті – елордамызды өңірлік әрі халықаралық медициналық хабқа айналдырудың негізгі тетігіне айналмақ.

Алдағы уақытта Астана әкімдігі медициналық туризмді одан әрі ілгерілету үшін халықаралық көрмелер мен таныстыру турларын өткізуді жоспарлап отыр. Бұл қадамдар елорда медицинасын жаңа деңгейге көтеріп, өңірлік ғана емес, халықаралық аренада да беделін арттыра түспек.

Астана медицинасы – жай ғана емдеу мекемелері жиынтығы емес, ол – сенімділік пен сапаның, үміт пен нәтиженің символына айналуда. Елорданың емделушілер үшін сенімді мекенге айналуы – бұл салаға жасалған инвестиция мен жүйелі еңбектің жемісі.

# БАЛАМА – ҒҰМЫР, БІЗГЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Баланың жарық дүние есігін ашуы – әр отбасы үшін үлкен қуаныш. Алайда кей сәбилер дүниеге туа біткен ақаулармен келіп, өмірінің алғашқы сәтінен-ақ дәрігердің көмегіне мұқтаж болады. Міне, осындай қиын сәттерде өмір мен өлім арасында арпалысып жатқан сәбиге көмек көрсететін жандардың бірі – неонатальды хирургтар. Солардың бірі әрі бірегейі – Нұржан Сергеевич Желдыбаев.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Биыл алты жасқа келген қызым бар. Сол қызым іштегі алты айлық кезінде аяқ астынан қимылсыз, қозғалыссыз қалып, №2 көпбейінді қалалық аурухананың дәрігері Нұржан Желдыбаев есімді дәрігер «іште жатқан сәбидің ішегі тесілген болуы мүмкін» деген диагноз қойды.

Шынымды айтсам, бастапқыда бұл диагнозға мүлде сенбедім. Іштегі баланың ішегі қалай тесілуі мүмкін? Ол қалай іште жатқан баланың ішегі тесілгенін біледі деген оймен диагнозға күмәнмен қарадым. Бірақ уақыт шуғыл, ана мен баланың екеуінің де өміріне қатер төніп тұр. Тәуекел деп ота жасатуға тура келеді.

Сөйтіп, Нұржан дәрігер алдымен ананың құрсағын жарып, іштегі сәбиді алып шықты. Соңынан сол сәбидің ішін жарып, ішегіне ота жасап, шамамен бір қарыс жерін кесіп алып тастады. Сол күннен бастап, осы баламызды сауықтыру үшін Нұржан дәрігер төрт мәрте ота жасап, бүкіл тәуекелі мен жауапкершілігін өз мойнына алды. Тесілген ішекті емдеп, кесілген бөлігін жалғап, баланы аман-есен сауықтырды.

Айтпақшы, алғашқы ота алдында дәрігер баламның жағдайының өте ауыр екенін, аман қалуға тек 25% ғана үміт барын айтып «Қалай шешесіздер?» деп сұрады.Сол кезде менің «Дәрігер, 1% үміт болса да, бар күшіңізді салып, баламды аман алып қалшы» деп өтінгенім күні бүгінге дейін есімде. Емханадан шығарда:

– Нұреке, баламды аман-есен сауықтың. Сізге көп рақмет! Бірақ басында «25% үміт бар» деп бізді неге сонша қорықтыңыз? – деп сұрадым. Сонда Нұржан жай ғана жымиып қойып: «Шынымды айтайын, сіздерге «25%» деп сәл көтеріп айттым. Негізінде баланың жағдайы өте ауыр еді, нақты үміт 15-20% шамасында ғана болатын. Бірақ сіздердің көңілдеріңізді түсіріп, үміттеріңізді үздіргім келмеді. Одан да маңыздысы – ата-анасы балаға алаңдамай, сеніммен шешім қабылдауы керек болды. Балаңыз халқына қалаулы, еліне елеулі азамат болсын! – деп шығарып салды.

Содан бері арада аттай желіп, алты жыл уақыт өтті. Осы уақыт ішінде біз Нұржан дәрігермен жақсы араласып, жақын таныспыз



кеттік. Әрбір мереке сайын оған хабарласып, алғысымызды білдіруді, қызымыздың туған күнінде оған шын жүректен рақмет айтуды дәстүрге айналдырдық. Нұржан да бізді қай кезде көрсе де «Қалайсыздар?» деп жылы жүзбен амандасып, шын көңілмен тілектестігін білдіреді. Бұл дәрігер мен науқас арасындағы жай ғана қарым-қатынастың әлдеқашан үлкен адами сыйластыққа айналғанының нақты көрінісі болса керек.

Нұржан Желдыбаев Сергеевич медициналық білімін 2004 жылы Семей қаласындағы медицина университетінен алыпты. Осы оқу орнында үш жыл білім алған соң, 2007 жылы Астана медицина университетіне ауысып, білімін алуын жалғастырды. 2011 жылы оқуын сәтті тәмамдап, кәсіби жолын бастапты.

2012 жылы Астанадағы №2 көпбейінді ауруханада неонатальды хирургия бөлімшесі ашылды. Бұл – жаңа туған, денсаулығында ақауы бар сәбилерге арнайы көмек көрсетуге бағытталған алғашқы бөлімшелердің бірі болатын. Сол жылдың 9 сәуірінде Нұржан дәрігер осы бөлімшеге хирург ретінде жұмысқа қабылданып, кейіннен бөлім меңгерушісі атанды. Бүгінде ол – өз ісінің шебері әрі жауапты ұжым басшысы ретінде танымал. Ол – кәсіби шеберлігімен ғана емес, адами қасиетімен де ерекшеленетін дәрігер. Балалардың өмірі үшін күресіп жүрген маман – қоғамның ең жауапты әрі құрметті тұлғаларының бірі. Осындай білікті дәрігерлердің еңбегі арқасында талай отбасы сәбиінің күлкісіне қуанып, жаңа өмірге үмітпен қарайды. Мен де солардың бірімін!

# МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ ИЕСІ

Биыл іргетасы сонау 1925 жылы қаланған Астана қаласы әкімдігінің №1 көпбейінді қалалық ауруханасына 100 жыл толады. Ғасыр уақыт тұрғындарға дер кезінде медициналық көмек көрсететін ірі мекемемен тағдырын байланыстырған, «мамандығым – мақтанышым» деп жүрген абзал жандар мұнда да аз емес. Соның бірі – 20 жылдан артық уақыт бір жерде ғана еңбек етіп келе жатқан медбике Кудусова Еркенже Қазезқызы.

«2004 жылы 19 жасымда №1 қалалық ауруханаға келдім. Ол кезде ғимаратымыз Бейбітшілік көшесінде шоғырланған еді. Енді ғана келген кезімде қамқорлығын аямаған мейірбике апалар, ақылын айтқан дәрігер ағалар аз болмады. Сол кісілердің арқасында біз де қазіргі толқын жастарға дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп жүрміз. 2011 жылы Р.Қошқарбаев даңғылында орналасқан жаңа, кең ғимаратқа көштік. Мінеки, содан бері осында тұрақтап, бәз-баяғы қалпымызша халыққа дер кезінде медициналық көмек көрсетіп келеміз. Өзім дәрігерлер мен хирургтердің шұғыл араласуын қажет ететін оперблоктың медбикесімін. Яғни біздің бөлім – хирургиялық операциялар жүргізетін медициналық мекеменің мамандандырылған бөлімшесі» дейді медбике Еркенже.

Жеңіл емес, ауыр, алайда адам баласына бірінші кезекте ота жасайтын бөлімшеде босаңсуға болмайды, оған уақыт та жоқ. Бес сағатта хирургтердің жанында тұратын Еркенже Кудусова.

«Елордамыздағы ірі медициналық кластердің бірі – №1 көпбейінді қалалық ауруханасында адамдардың денсаулығының оңалуына үлес қосып жүргенім, шын пейілмен айтқан алғысын естігенім үшін іштей тәубе деймін. Әр жылдары мекемемізді Алексей Цой, Марат Қарсыбекұлы, ал бүгінде Ербол Жақсылықұлы биік абыроймен басқарып келеді. Марат Әбдуов бас дәрігер боп жүргенде еңбегім еленіп, алғыс хатпен марапатталғаным бар. Операциялық бөлімшенің басшысы Сағынғали Әбдуәлиұлы да қарамағындағы бізге қамқор боп жүреді» дейді жүзінен мейірім төгілген мейірбике.

«Мен әулеттің сүт кенжесімін. Марқұм ата-анам дүниеге келгенде есіміме «ер» деген тіркесті қосып, Еркенже деп атаған. Жалпы адам атының өзі тағдырына ықпал етсе керек, жастайымнан өжет болдым. Мектепте, колледж



қабырғасында, жоғары оқу орнында оқып жүргенде үнемі ермінездік, қайсарлық танытады екенмін. Бірақ өзіме бұлар біліне қоймайды, оны маған айналамдағы жандар айтады. Өмірдегі мақсатым – жұбайымыз екеуміз өсіріп жатқан ұл-қызымыздың егемені елде заманға лайық білім алуына септесу, ұлттық тәлім-тәрбие беру, міндетім – өзім таңдаған, абырой сыйлаған жұмысымды мүлтіксіз орындау, өмір үшін арпалысып жатқан пенденің бетінің бері қарауына білгір дәрігерлеріміз бастаған, біз қостаған үлкен ұжымның бөлшегі боп қалу. Маусым айының үшінші жексенбісінде дәстүрлі түрде тойланатын кәсіби мерекеміз – медицина қызметкерлерінің күні құтты болсын, ақ халатты абзал жандар, Гиппократ антына адал боп жүрген жандар!» деп түйіндеді сөзін денсаулық сақтау саласының қызметкері.

– Біздің бөлім күн-түн дегенді білмейтін жұмыс істейді. Өз басым өмір үшін арпалысқан қаншама жандарды көрдім. Бірі көлік апатына ұшырап, бірі аяқасты аппендицит болып, жедел жәрдем көлігімен алып-ұшып келеді. Міне, осындай шақта әр минутымыз, тіпті әр секундымыз санаулы. Хирургиялық, неврологиялық, нейрохирургиялық, травматологиялық, гинекологиялық, урологиялық, отоларингологиялық оталарды жасаймыз. Хирургтың жанында тұрып, қырағылық танытып, айтқанын мүлт жібермей, пинцет, скальпель, ілгіш, сүңгі, шприц және т.б. хирургиялық аспаптарды әперіп тұрамыз. Бөлмені дайындап, одан кейін стерилизациялауды ұмытпаймыз. Жалпы ота жасау – аса күрделі процесс. Бірнеше сағат тапжылмастан операцияда тұрған кездер болған. Ондайда қалғып кетуге әсте болмайды. Маңдайдан аққы терді ағқанын, аяқтың талғанын сонда ғана байқайды екенбіз, – дейді

**Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ**

## ДҮЙСЕНБІ
## 16 МАУСЫМ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». Телехикая.
12:10 «Хайди». Мультхикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «100 SARBAZ». жоба
14:20 «Егіз лебіз»
15:10 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
16:10 «Гауһартас». Мәдени бағдарлама
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «Сағындырған әндер-ай!».
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:20 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
22:15 «1001 ТҮН».
23:15 «Көзайым». Телехикая.
0:10 «Егіз лебіз».
1:20 АҚПАРАТ
1:50 «Ашық алаң». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
2:40 «Сана».
3:40 «100 sarbaz». жоба
4:40 «Қызық екен...»

05:00 "Дүлдүлдер дүбірі"
06:00 Телехикая. "Пәленшеевтер 3"
07:00 "Оян!"
09:00 Мультсериал. "Питэр Пэн"
09:30 Телесериал. "Зимородок 2"
11:30 "Тамаша"
12:00 "President"
12:15 "Әлеумет"
12:30 "ОйнаIQ"
13:30 Телехикая "Тракторшының махаббаты"
15:00 Телехикая. "Бахар"
16:00 Телесериал. "У каждого своя ложь"
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. "Детектив әже"
20:00 Телехикая. "Бахар"
21:00 Телесериал. "Зимородок 2"
22:30 "КешREC"
23:30 Телесериал. "Солнечный ноябрь"
01:00 Телесериал. "Перекресток"

**ASTANA TV**

06.00 «Senbe» х/ф
07.50 «Яркое пламя» телесериал
09.00 «Қара ниет 6» телехикаясы
10.15 «Жігіттің сабаздары» телехикаясы
12.00 «Осман 4» телехикаясы
15.25 «Жұрттың балалары»
15.40 «Ангел в сердце» телесериал
16.50 «Ветренная женщина» телесериал
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қара ниет 6» телехикаясы
22.00 «Осман 4» телехикаясы
23.50 «Сен келерсің» телехикаясы
01.00 «Жігіттің сабаздары» телехикаясы

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:15 «П@УТINA» бағдарламасы
8:10 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
9:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:00 «СВОДНАЯ». Многосерийный фильм
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Фильм «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА»
0:50 Ночной кинотеатр. «УМЕЛЬЦЫ»
1:50 «НОВОСТИ»
2:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:30 «П@УТINA» бағдарламасы
3:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!" (қайталау)
7:55 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ", өзбек телехикаясы.
8:30 "ҚАРАЛЫ ЖЕСІР", өзбек телехикаясы. (повтор)
9:40 "БЫЛО ДЕЛО", документальный детектив
10:30 "ЛЮБОВЬ ВО ВСЁМ ВИНОВАТА", мелодрама (повтор)
14:30 "РАЙСКОЕ МЕСТО", мелодрама
16:20 "РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА", реалити-шоу.
18:30 "ҚАРАЛЫ ЖЕСІР", өзбек телехикаясы.
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:30 "ШЕФ-4", криминальная драма
23:30 "МАРАШАНЕЦ", остросюжетная драма.
1:30 "КАТИНА ЛЮБОВЬ", мелодрама
3:00 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ", өзбек телехикаясы.
5:20 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!" (қайталау)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио» 06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 «Күліп All» ойын-сауық бағдарламасы
07:30 «Тәтті шоу» ойын-сауық бағдарламасы
08:00 «Мұрагерлер» телехикаясы. 15 бөлім
09:30 Мультсериал «Великий Человек-паук»
10:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11:30 Мультсериал «Губка Боб»
12:30 КИНО. «Біз екеуміз» комедиясында
14:50 КИНО. «Земное ядро» (повтор)
18:00 КИНО. Боевик «В осаде»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Боевик «Ларго Винч: Начало»
23:10 «Бозторғай» телехикаясы. 41 бөлім
00:10 «Мұрагерлер» телехикаясы. 15 бөлім
